

**6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісі, Түркия елі, Анталия қаласы, «Акдениз университеті» Сәндік-қолданбалы өнер факультетінің «Дәстүрлі түрік өнері» кафедрасының Философия докторы (PhD) доцент Омер Займоғлының**

## **ПІКІРІ**

Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім» кафедрасында орындалды. Бұл зерттеу өзектілігімен, ғылыми жаңашылдығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді, сондықтан кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау саласына маңызды үлес қосады. Диссертациялық жұмыста болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздерінің зерттеу нәтижелері ұсынылған, әдістемесі әзірленген.

### **Зерттеудің өзектілігі:**

Қазіргі цифрландырылған заманда графикалық иллюстрацияны кәсіби бағдарламалар негізінде жобалауда. Себебі, компьютер мен ғаламтор элеуметтік қарым-қатынасты ғана емес, өндіріс процесін де өзгертті.

Жаңа белестің негізі білімнің, жаңа цифрлық технологиялардың, адамзат санасының жаңаша ойлау мүмкіндіктерінің тізгіні болатын инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттің қолданысқа түсуі бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі. Сондықтан цифрлық өнерде әрдайым бір нәрсе жаңартылып, күн сайын жаңа технологиялар пайда болуда. Әрине, бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің компьютерлік графикалық құзыреттілігін арттыруда жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Сұранысқа ие маман болу үшін жоғарғы оқу орындарында кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау барысында, әртүрлі заманауи технологияларды үйрету және қолдану маңыздылыққа ие. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің компьютерлік графикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың өзектілігін тудырады.

Зерттеу мәселесі бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастыру заманауи әдістемелік тәсілдерге негізделген күрделі және көп кезеңді процесс. Бұл құзыреттілік компьютерлік графиканы оқу процесінде қолдану үшін қажетті дағдылар мен білімдерді қамтиды, оқытуды көрнекі, интерактивті және студенттер үшін қызықты етуге ықпал етеді.



### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік- графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін және мәні анықтағандықтан, моделі ұсынылған, дидактикалық шарттары нақтыланып, әдістемесі ұсынылған, әрі оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент нәтижесінде дәлелдеуде болып отыр.

Зерттеу әдістемесі деректерді іріктеу, талдау және өңдеуді, компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыруда прогрессивті әдістемесін одан әрі дамыту негізінде шығармашылық іс-әрекетінің алгоритмін құруға да ықпал етеді. Сонымен қатар ұйымдасқан мақсатты бағытталған, педагогикалық ықпал ету үшін қажетті дидактикалық шарттардың жиынтығымен сипатталатын компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделді әзірлеу және қолдану. Бұл болжамдардың дәлдігін арттыруға білім алушыларды анықтауға көмектеседі. Деректерді толық пайдалануды қамтамасыз етеді және білім беру процессін түсінуді жақсартады.

Автор ұсынған модель оқытудың тиімділігін арттыру және білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін жүзеге асыруға болатынын көрсетеді.

### **Практикалық маңыздылығы:**

«Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәні бойынша электрондық дәріс конспектілерінен, аудиториялық және өзіндік жұмыстарға арналған жұмыс, сызбаларды құрастыру алгоритмдерінен, практикалық сабақтардан және диагностикалық жүйеден тұратын оқу-әдістемелік кешен құрылған, ол компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді және оқу материалын меңгеру сапасын арттырады. Жасалған оқу-әдістемелік құралдарды кәсіптік мектептерде, орта кәсіптік оқу орындарында және жоғары оқу орындарында студенттерді тігін бұйымдарын компьютерлік графика бойынша оқытуда пайдалануға болады.

«Киімді автоматты жобалау жүйесі» пәні бойынша ұсынылған оқу-әдістемелік кешені, әдістемелік құрал оқытушылар мен кәсіптік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру курстарына ұсынылуы мүмкін.

### **Автордың жеке үлесі. Зерттеу нәтижелерін апробациялау**

Жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылды және Scopus дерекқорына енгізілген рецензияланған журналда жарияланды, бұл зерттеудің маңыздылығы мен ғылыми деңгейін растайды.

Ұсынылған зерттеу моделі болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнін оқытуда компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптасыру әдістемесі жасалып білім алушылардың білімдері, дамуына ықпал жасайды. Зерттеу нәтижелері ЖОО-да апробациядан өтті.


**Қорыта айтқанда,** диссертациялық зерттеу барысында PhD докторант өзін міндеттер коюдан оларды шешуге табанды түрде кәсіби құзыреттілігін, еңбекқорлығы мен ізденімпаздылығын көрсетті. Талапкердің Қазақстанда



және әлемдік жетекші ғылыми журналдарда жарияланған көптеген ғылыми мақалалары осының дәлелі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуін ресми түрде қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

«Акдениз» университетінің  
Сәндік-қолданбалы өнер факультеті  
«Дәстүрлі түрік өнері» кафедрасының  
философия (PhD) докторы доцент:



Омер Займоғлы

30.10.2025